

Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7М01 Педагогикалық ғылымдар
Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі	7М016 Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	7М01601 Тарих
Білім беру бағдарламаларының топтары	М016 Тарих педагогтерін даярлау
Білім беру бағдарламасының бірегейлігі	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі: 1.Білім беру процесін жүзеге асырудың инновациялық әдістері мен тәсілдерін меңгерген, жаңартылған білім беру бағдарламасын меңгерген жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларға деген қажеттілікті қанағаттандыру. 2.«Алтайтану» ҒЗО, ШҚУ Алтай археология және мәдени мұра мұражайы базасында білім беру үдерісі субъектілерінің кәсіби және зерттеу құзыреттілігін дамыту мүмкіндігі. 3.Жоғары кәсіби профессор-оқытушылар құрамы. 4.Ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін РИНЦ дерекқорына кіретін ШҚУ «Үлкен Алтай әлемі» журналында жариялау мүмкіндігі. 5.Практикалық-бағдарлы тәсілді жүзеге асыру мақсатында жетекші ғалым-археологтардың басшылығымен археологиялық қазбалар мен «Үлкен Алтай әлемі» Халықаралық археологиялық жазғы мектептерде білім беру үдерісі субъектілерінің қатысуын ұйымдастыру. 6.Түлектердің аймақтық еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие.
Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы	
БББ мақсаты	Педагогикалық салада жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар инновациялық технологияларды қолданатын, сондай-ақ терең іргелі зерттеулер мен ғылыми-практикалық инновациялық әзірлемелерге қабілетті, білім берудің түрлі салалары мен нысандарында міндеттерді жүйелі шешуге бағытталған еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті педагог кадрларды даярлау
БББ міндеттері	1. Түлектерді іргелі білім беру, әдіснамалық, зерттеу және технологиялық дайындау, әлемдік үздік тәжірибелер мен инновациялық идеялар негізінде жаһандық хабардарлықты қалыптастыру. 2. Білім берудің жаңартылған мазмұнын ескере отырып, түрлі деңгейлерде білім беру қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі, жалпы кәсіптік және кәсіби құзыреттілікті дамыту. 3. «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде адамгершілік, этикалық, экологиялық, азаматтық-құқықтық мәдениетті, парасаттылықты, жалпыадамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру. 4. Мәселелерді кешенді көп деңгейлі шешу, командада және өз бетінше жұмыс істеу, көшбасшылық пен коллаборативизмге дайындық дағдыларын жетілдіру.
БББ оқыту нәтижелері	1. тиімді тілдік қатынасты жүзеге асыра отырып, кәсіби қызметте сыни талдау және объективті бағалау мақсатында ғылым философиясы мен тарихи білімнің тұжырымдамалық ережелерін қолдана білу. 2. барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының білім беру қызметін басқару үрдісін жетілдіру бойынша өзекті зерттеулердің нәтижелерін түсіндіру; 3. білім алушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың оқу жетістіктерін бағалау, бақылау және болжаудың тиісті құралдары мен критерийлерін анықтай отырып, тарих пен қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытудың заманауи әдістерін, технологияларын, инновациялық тәсілдерін қолдану. 4. тарихи зерттеулерді ұйымдастыру, жоспарлау және нәтижелерін ұсыну саласында ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін және академиялық жазу әдістемесін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу және жобалық қызметті жүзеге асыру. 5. тарихи дамудың негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшелігін ғылыми талдау, сонымен қатар уақыт пен кеңістіктегі жергілікті және күнделікті тарихтың

	тарихи тұрғыдағы мысалдарын бағалау мақсатында интегративті үрдістердің заманауи өнімі ретінде тарих және сабақтас ғылымдар туралы білімдерді талдауды игеру; 6. тарих теориясын, қазіргі тарихнаманы, деректануды талдаудың, тарихи үрдістер, құбылыстар мен оқиғалар туралы әртүрлі дереккөздерден ақпаратты синтездеудің негізгі әдіснамалық тәсілдерін қолдану; 7. Еуразия және Қазақстан тарихы жүйесіндегі түркі халықтары мен мемлекеттері тарихының дамуын анықтаған негізгі тенденцияларды, көші-қон үрдістерін, сондай-ақ түркі халықтарының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктерін талдау; 8. көші-қонның және әлеуметтік-демографиялық үрдістердің өзекті мәселелерін ретроспективті және динамикалық тұрғыдан талдау және бағалау, заманауи IT технологияларды пайдалана отырып, деректерді түсіндіру. 9. Жаһандық және жеке тарихи-мәдени, қоғамдық-саяси, этно-демографиялық процестердің логикасын, соның ішінде түркі халықтарының барлық кезеңдердегі тарих дамуының тұтастығы мен сабақтастығын сипаттайтын негізгі оқиғалардың, құбылыстар мен процестердің мәнін талдау
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже:	7M01601 Тарих білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
Лауазымдарының тізімі	- жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептің мұғалімі, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытушы; - біліктілікті арттыру институтының қызметкері; - ғылыми институттардың ғылыми қызметкері; - әдістемелік кабинет әдіскері; - тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бойынша мектеп директорының орынбасары; - ішкі саясат бөлімінің қызметкері; - мемлекеттік ұйымдарда және бұқаралық ақпарат құралдарында жетекші маман; - мұрағат, мұражай қызметкері; мәдени мұраны қорғау саласындағы қызметкер.
Кәсіби қызмет объектісі	Меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық үлгідегі және түрдегі орта білім беру ұйымдары; техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары; жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары; педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, ғылыми институттар; мұрағаттар, мұражайлар; әкімшілік, педагогикалық және тарихи бөлімдер; мәдени-білім беру орталықтары, этникалық орталықтар; әкімдіктер жанындағы Қазақстан Халқының Кіші Ассамблеясы; археологиялық зертханалар.